

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 1308 Жарлығы "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Шаруашылық басқармасы таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының кейбір мәселелері туралы" 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 378 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 20, 218-құжат; 2002 ж., N 6, 40-құжат; 2003 ж., N 33, 323-құжат):

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы туралы ереженің 4-тармағында "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Шаруашылық басқармасы," деген сөздер алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1167 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 33, 323-құжат):

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Іс басқармасының құрылымы қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 7 н а у р ы з д а ғ ы
N 1 3 0 8 Ж а р л ы ғ ы н а

ҚОСЫМША

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 8 т а м ы з д а ғ ы
N 1 1 6 7 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Б а с ш ы л ы қ

Бюджеттік жоспарлау және қаржылық бақылау бөлімі

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі

Күрделі құрылыс және техникалық бақылау бөлімі

Ведомстволық қарасты ұйымдарды басқару жөніндегі бөлім

Бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі

Іс-шараларға қызмет көрсету және сыртқы байланыстар бөлімі

Мемлекеттік құпияларды қорғау және кадр жұмысы бөлімі

Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі.